

ЭЛЕКТИВТІ ПӘНДЕР КАТАЛОҒИ

7M02202 - Гуманитарлық ғылымдар (Тарих)

Пән циклі	Пәндердің атауы және олардың негізгі бөлімдері	Сағатпен (ECTS)
БП 1	БАЗАЛЫҚ ПӘНДЕР ЦИКЛЫ(БП)	35
1	<p>Тарихи урбанистика: зерттеу әдістері, ерекшеліктері, өзекті мәселелері</p> <p>Қалалардың әлеуметтік дамуының негізгі бағыттарын қарастыра отырып, қаланың экономикалық және әлеуметтік мәселелерінің өзара сабақтастығын түсіну. Қала тарихын зерттеудің методологиясы мен тарихнамасы. Қала тарихын зерттеудің әдістері.Қала: қалыптасу тарихы. Қалалардың орналасу туралы теориялар.Карл Август Виттфогелдің көзқарастары. Қала кеңістігін зерттеудің теориялық-әдіснамалық негіздері. Әлеуметтік-кеңістіктік ұйымдастыру. Теңсіздіктің жаңа формаларының Астана ландшафындағы репрезентациялары.</p>	5
2	<p>Digital history: теориясы және практикасы</p> <p>Цифрлық технологиялардың қазіргі даму тенденцияларының теориясы мен практикасын қарастырады. Солардың ішінде, тарихи деректермен компьютерлік технологиялар арқылы жұмыс істеу барысының технологиялық мәнін ашу; тарихи зерттеудің аппараттық және бағдарламалық қамтамасыз етуді зерттеу; электронды деректерді талдау мен зерттеудің бағдарламаларын танып-білу; ақпаратпен жұмыс істеуге арналған бірқатар арнайы компьютерлік технологияларды оқытады.</p>	5
3	<p>Айтылған тарих: теориясы мен практикасы</p> <p>Айтылған тарих: қазіргі заман тарихының мәселелерін зерттеу әдістерінің сипаттамасы. Тарихи сұқбат жүргіздің әдістемесі мен типологиясы. Тарихи сұқбатты транскрипциялау әдістемесі. Тарихи зерттеулерде медиатеологияларды қолданудың ерекшеліктері. Интернет және Айтылған тарих. Тарихи сұқбаттарды интернеткеңістікте орналастыру.</p>	5
КП 2	КӘСІПТЕНДІРУ ПӘНДЕРІ ЦИКЛЫ (КП)	49
1.	<p>Қазақ қоғамының күнделікті өмір тарихы (XIX ғ.– XX ғ.б.)</p> <p>Қазақ ауылының күнделікті тұрмыс-тіршілігі мұрағат, тарихи фильмдер мен көркем әдебиетте. Ресми құжаттар, шағым хаттар мен есептердегі қоғамның саяси өмірі. Отарлық басқарма жүйесінің халықтың тұрмысына әсері. Тау-кен өндірісі және қазақ жұмысшылары. Сыртқы дуандағы сауда және қазақтар. Қазақтар өміріндегі денсаулық сақтау дәстүрі және «жаңа» медициналық қызмет. Қазақ қоғамындағы рухани өмір.</p>	5
2.	<p>Қазақстандағы ерте кеңестік субъективтілік (XX ғ. 20-30-шы жж.)</p> <p>Кеңестік Қазақстандағы күнделікті өмірді зерттеу методологиясының ерекшеліктері. XX ғ. 20-30 жж. күнделікті тарих деректері, ерекшеліктері. Күнделікті тарихтың қазақстандық тарихнамасының ерекшеліктері. Негізгі даму этаптары. Кеңестік реформалар және күнделікті өмірдегі өзгерістер: негізгі маркерлерді анықтау. Күнделікті өмір кеңістігі мәселесі. Қазақ ауылдарындағы еңбек және өмір сүру тәртібі. Қалалар мен ауылдардың күнделікті өміріндегі әлеуметтік-мәдени өзгерістер.</p>	5
3.	<p>Қазақстанға халықтарды күшпен қоныс аудару саясаты (1937-1956 жж.)</p>	5

	Халықтарды күшпен қоныс аудару саясатының тарихнамасы. Халықтарды күшпен қоныс аудару саясатының себептері, әдісі және сипаты. Соғысқа дейінгі және соғыс кезеңінде халықтарды күшпен қоныс аудару. Халықтарды күшпен қоныс аудару саясатының сандық динамикасы, орналасу географиясы. Арнайы көшірілгендердің күнделікті өмірі және бейімделуі. Құқықтық статусы. Респрессияға ұшыраған халықтарды реабилитациялау.	
4.	Қазақстанның әлеуметтік-мәдени кеңістігіндегі ұлттық бірегейлік (1917-1950-шы жж.)	5
	Кіріспе. Курстың мақсаты мен міндеті. депортация-Қазақстан халқы құрылымының өзгеруінің негізгі факторы. Арнайы контингенттің күнделікті өмірі мен бейімделуі. Азаматтық және ұлттық бірегейлік. XXғ. 20-30 жж. Қазақстан. Ұлттық мемлекеттілікті құрудағы зиялылардың қызметі. "Алаш" және оның тағдыры. Саяси өмір және ұлтаралық қатынастар.	
5.	Зерттеу практикасы	9
	Зерттеу тәжірибесінде магистранттар ғылыми-зерттеу процесін ұйымдастырудың негізгі кезеңдері мен принциптерінің мазмұнына түсінеді, зерттеудің негізгі бағыттары, олардың кәсіби қызметі саласындағы қазіргі проблемалар және оларды шешудің негізгі әдістері мен тәсілдері. Әр түрлі көздердің жіктелуі мен ерекшеліктерін, зерттеу нәтижелерін ұсынудың әдістері мен құралдарын біледі.	